**Жекелеген азық-түлік тауарлар импорты кезінде уақытша қорғау шараларын енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 қазандағы N 1548 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы N 171 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20.* N 171 *Қаулысымен.*

"Тауар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Z980337_ Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Заңына сәйкес ішкі рынокта тең бәсекелестік жағдайын жасау және отандық өндірушілердің өтініші бойынша жүзеге асырылатын анықтауды ескере отырып, отандық шаруашылық жүргізуші субъектілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес тауарлар импортына алты ай мерзімге уақытша қорғау шаралары енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі жүргізілетін анықтау рәсімі аяқталғанға дейін, заңнамада белгіленген тәртіппен, қосымшаға сәйкес тауарлар импортын лицензиялауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті қосымшаға сәйкес мөлшерлерде тауарларды импорттау кезінде қолданылып жүрген кедендік баж ставкасынан тыс алынатын уақытша қорғау бажын депозитке енгізсін.

4. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасының Интеграциялық комитетіне және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетін Қазақстан Республикасының уақытша қорғау шараларын енгізетіні туралы хабардар етсін.

5. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 17 қазандағы
N 1548 қаулысына

қосымша

**Оларға қатысты анықтау рәсімі басталатын және уақытша қорғау бажының ставкасы салынатын тауарлар тізбесі**

| Тауар атауы | ТМД СЭҚ бойынша тауар коды | Уақытша қорғау бажының ставкасы (кедендік құнынан % түрінде) |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Құс, үй құсы, қабыршағындағы жұмыртқалар, жас, консервіленген немесе қайнатылған, өзге де | 040700300 | 30, бірақ 1000 данасына 20 ЕВРО-дан кем емес |
| Маргарин, сұйық маргариннен басқа, өзге де | 151710900 | 30, бірақ 1 тоннасына 450 ЕВРО-дан кем емес |
| Жылумен өңделмеген, құрамына ештеңе салынбаған немесе жұмыртқа қосылған басқа жолмен жасалмаған ашытқысыз қамырдан жасалған өзге де бұйымдар | 190211000 | 20, бірақ 1 тоннасына 200 ЕВРО-дан кем емес |
| Жылумен өңделмеген, құрамына ештеңе салынбаған немесе басқа жолмен жасалмаған ашытқысыз қамырдан жасалған бұйымдар, өзге де | 190219900 | 20, бірақ 1 тоннасына 200 ЕВРО-дан кем емес |
| Ашытқысыз қамырдан жасалған кептірілген | | |

бұйымдар 20, бірақ 1 тоннаға
190230100 200 ЕВРО-дан кем емес

Ашытылмаған қамыр 20, бірақ 1 тоннасына
өнімдері, өзге де 190230900 200 ЕВРО-дан кем емес

Наубайханалық құрғақ 30, бірақ 1 тоннасына
тез ашытқылар 210210310 200 ЕВРО-дан кем емес

Наубайханалық тез 30, бірақ 1 тоннасына
ашытқылар, өзге де 210210390 200 ЕВРО-дан кем емес

Майонез* 210390900 20, бірақ 1 тоннасына
ішінен 250 ЕВРО-дан кем емес

Химиялық өзгерістерге
арналған (натрий және
хлор бөлінісі) кейін
басқа өнімдер өндірісінде
қолданылатын қайнатылған 30, бірақ 1 тоннасына
тұз 250100310 12 ЕВРО-дан кем емес

Денатурланған немесе
өндірістік мақсаттағы
(тазалауды қосқанда),
бірақ консервіленген
немесе адамдарға немесе
жануарларға тағамдық
өнімдер дайындауға
арналғаннан басқа 30, бірақ 1 тоннасына
қайнатылған тұз 250100510 7 ЕВРО-дан кем емес

Тағамға пайдалануға
жарамды асханалық 30, бірақ 1 тоннаға
қайнатылған тұз 250100910 12 ЕВРО-дан кем емес

Тағамға пайдаланылуға
жарамды асханалық тағы
да қайнатылған тұздар, 30, бірақ 1 тоннасына
өзге де 250100990 15 ЕВРО-дан кем емес

___________________________________________

* Тауар номенклатурасы кодпен және тауар атауымен анықталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК